

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 182 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Д. Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Көшеров

Түркістан облысы әкімдігінің

2025 жылғы _____

№ _____ қаулысына қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	мамандық атауы	2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылы/жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың.теңге)	
			ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

1	Жасанды интеллект және үлкен деректерді талдау	50		2 819,025
2	Бағдарламалық қамтамасыз ету	50		2 819,025
3	Исламтану	5		1 055,917
4	Аллергология және иммунология (ересектер)	1	1 939 900	1 811 300
5	Аллергология және иммунология (балалар)	1	1 939 900	1 811 300
6	Анестезиология және реаниматология (ересектер)	8	1 939 900	1 811 300
7	Анестезиология және реаниматология (балалар)	2	1 939 900	1 811 300
8	Физиатрия (ересектер)	3	1 939 900	1 811 300
9	Неврология (ересектер)	7	1 939 900	1 811 300
10	Клиникалық фармакология	14	1 939 900	1 811 300
11	Кезек күттірмейтін медицина (ересектер, балалар)	6	1 939 900	1 811 300
12	Жалпы хирургия	7	1 939 900	1 811 300
13	Психиатрия (ересектер)	3	1 939 900	1 811 300
14	Психиатрия (балалар)	2	1 939 900	1 811 300
15	Радиология	4	1 939 900	1 811 300
16	Травматология-ортопедия (ересектер)	2	1 939 900	1 811 300
17	Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)	2	1 939 900	1 811 300
18	Физикалық медицина және оңалту (балалар)	3	1 939 900	1 811 300

19	Клиникалық зертханалық диагностика	3	1 939 900	1 811 300
20	Терапия	3	1 939 900	1 811 300
21	Педиатрия	4	1 939 900	1 811 300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК